

Қазақстан халқы тарихи-мәдени мұрасының кейбір объектілерін сақтау жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 мамыр N 779

"Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі және "Мәдениет туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан халқының тарихи-мәдени объектілеріне жататын қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды сақтау және ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің "Алтын және қымбат бағалы металдар мұражайы" республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорыны, оның негізгі міндеттері қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған тарихи-мәдени мұраны есепке алу, анықтау, зерттеу, күтіп ұстау, сақтап қою, жаңғырту, қайта туындату, мұражайландыру және насихаттау болып белгіленіп, "Алтын және қымбат бағалы металдар мемлекеттік мұражайы" Мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мұражай) етіп өзгерту жолымен қайта қ ұ р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

бір айлық мерзімде Мұражайдың жарғысын бекітіп, оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

екі айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған тарихи-мәдени мұра объектілерін Мұражайға сақтауға беруші меншік иелерін материалдық және моральдық көтермелеу шаралары туралы ұ с ы н ы с т а р е н г і з с і н ;

үш айлық мерзімде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұражайлары қорларында, сондай-ақ жеке жинақтамаларда тұрған қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған тарихи-мәдени мұраның объектісін Мұражайдың сақтауына беруді ұ й ы м д а с т ы р с ы н ;

2000 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізілімін бекітсін және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын;

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау және есепке қою мақсатында тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті комиссиялардың республиканың барлық аймақтарындағы көшпелі отырыстарын

тұрақты өткізуді практикаға енгізіп, аталған комиссиялардың жұмысын жандандырсын ;

халық арасында қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған тарихи-мәдени мұра объектілеріне күтімді көзқарастың қажеттігі, оларды Мұражайдың сақтауына берудің орындылығы және аталған бұйымдарды мемлекет сақтауына берген олардың меншік иелері - азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының сақталуына мемлекет беретін кепілдіктер туралы түсіндіру жұмысын тұрақты жүргізетін болсын.

Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізісін, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) және Алматы қаласының әкімімен бірлесіп 10 күндік мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне мұражайды Алматы қаласында орналастыру жөнінде ұсыныстар енгізісін.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған тарихи-мәдени мұра объектілерін елден заңсыз алып кетудің жолын кесу жөніндегі жұмысты күшейтсін.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі